



АҚОРДА



ЕРІКТІЛЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Еліміз биыл кейінгі ондаған жылда болмаған су тасқынына тап болып, он облыста мыңдаған үйді су басқаны белгілі. Наурыздың соңын ала басталып, мамырға дейін жалғасқан су тасқыны салдарын жою жұмыстары қызу жүріп жатыр. Кеше елордада тасқынға байланысты елдің назарын аударған екі бірдей жиын өтті.

Әуелі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада биыл көктемдегі су тасқынымен күреске белсенді қатысқан азаматтарды арнайы қабылдап, салтанатты түрде марапаттады. Елорда төрінде өткен салтанатты жиында Президент Әуелі биылғыдай су тасқынын еліміз бұрын-соңды бастан өткермегенін, 10 облыста бірдей төтенше жағдай жарияланып, 19 мың тұрғын үйді су басқанын, салдарынан ондаған мың адамның өз үйлерін тастап кетуге мәжбүр болғанын айтты.

«Сын сағатта еліміз ырысты ынтымағын танытты. Біз табиғи апат кезінде жұрт болып жұмылды. Біртұтас ел екенімізді көрсеттік. Құтқарушылар, әскерилер, ішкі істер органдары мен әкімдік қызметкерлері тәулік бойы жұмыс істеді. Олар Отан алдындағы парызын мінсіз атқарды. Бір сөзбен айтқанда, антқа адал болды», – деді Мемлекет басшысы.



Қасым-Жомарт Тоқаев төтеннен келген тасқын салдарымен күреске күш құрылымдарының 60 мыңнан астам қызметкері жұмылдырылып, құтқару жұмысында 120 мыңнан астам адамның, оның ішінде 40 мың баланың қауіпсіз жерге эвакуацияланғанын атап өтті. Президенттің сөзінше, тасқынның ауыртпалығын жеңілдетіп, камкөңіл жұрттың ертеңгі күнге деген сенімін қалпына келтіруде құтқарушылар мен еріктілердің бірлесе атқарған еңбегі ерен.

– Бұл – құтқарушылар мен ұшқыштардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Әбіш Кекілбаев «Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы – өз халқының тағдырынан тыс қалу» деп айтқан. Ұлттық еріктілер желісі табиғи апат болған сәттен бастап ерекше белсенді болды. 50 мыңнан астам волонтер көмек керуендерін ұйымдастырды. Олар апат аймақтарына азық-түлік және басқа да қажетті заттарды жеткізуге атсалысты. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» акциясы ортақ іске мол септігін тигізді, – деді Президент.

Расында, су тасқынымен күреске бей-жай қарамай, елдік сана үлгісін көрсеткен ерікті азаматтар еліміздің түкпір-түкпірінен жердің шалғайлығы мен басқа да кедергілерге қарамастан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қиындықта қалған өңірлердегі тұрғындарға материалдық, қаржылай, өзге де көмектерін аянып қалмады. Еріктілерді «Қазіргі заманның батыры» деп атаған Президент олардың арқасында елімізде маңызды бастамалар мен жобалардың жүзеге асқанын, ең бастысы, адамдардың мемлекет пен қоғам өміріне араласу, адами құндылықтар мен қасиеттерге сай болуға деген ниеті пайда болғанын атап өтті.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев баспанасыз қалған адамдарға «Қазақстан халқына» қорынан тұрғын үй салуға қаражат бөлінгенін айтты. Жалпы, жаңадан 2200-ден астам үй салынып, 10 мыңға жуық баспана күрделі жөндеуден өтеді.

Жиын соңында Мемлекет басшысы су тасқынына қарсы шараларға белсене атсалысқан бір топ құтқарушыны, еріктілер мен қоғам белсенділерін, әскери қызмешілер мен дәрігерлерді, қарапайым жұмысшыларды, сондай-ақ кәсіпкерлер мен ірі бизнес өкілдерін марапаттады.

Ал Үкіметте вице-премьер Канат Бозымбаевтың төрағалығымен өткен жиында тасқыннан зардап шеккен өңірлердегі инфрақұрылымды, оның ішінде әлеуметтік нысандарды қалпына келтіру жайы талқыланды. Онда Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері мен тиісті министрліктердің өңірлерде салынып жатқан тұрғын үйлер мен нысандар туралы есеп берді. Вице-премьер әкімдерге қалпына келтіру жұмыстарының қарқынын бәсеңдетпеуді, тұрғын үйлерді тапсыру мерзімін бұзбауды, мектептер мен балабақшаларды жаңа оқу жылының басында пайдалануға берудің ерекше бақылауда екенін еске салды.

ҚР Президентінің баспасөз қызметі



БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛ ОЗАДЫ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЗЖЕКЕ

Қонаев қалалық Мәдениет үйінде өңірдегі этнос өкілдерінің басын қосқан «Ел бірлігінің тұтастығын сақтау – этносаралық келісімді нығайту» атты жиын өтті.

Ерзат АСЫЛ

Жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахым қатысып, өңірдегі этносаралық келісімді нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Нұрлан Ерғалиұлының айтуынша, бүгінде Алматы облысында 100-ден астам этнос өкілдері тұрады. Олардың әрқайсысының өзіндік мәдениеті, тілі мен дәстүрі бар. Сондықтан этносаралық келісім біздің қоғамның ажырамас бөлігіне айналғаны анық.

– Этносаралық қатынас – елдегі бірлік пен берекенің басты кілті. Қазақстанның этносаралық саясаттағы және қоғамдық келісімді дамытудағы ісі көп елге үлгі болуда. Бұл әсіресе Орталық Азиядағы елдер үшін аса маңызды. Қазақ халқы – мемлекет құраушы ұлт ретінде басқа да ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін, тарихын сақтауына барлық жағдайды жасап отырған бірден-бір ел. Қоғамдағы бірлік өздігінен құрыла салатын дүние емес. Ол – тәрбие арқылы берілетін, күнделікті көзге көрінбейтін күрделі іс. Дәл осы міндетті атқарып жүрген Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айрықша, – деді Нұрлан Ерғалиұлы.

Жиында ел бірлігінің тұтастығы мен этносаралық келісім негізінде құзырлы органдардың жасап жатқан жұмысы баяндалды. Бұл орайда облыс прокурорының бірінші орынбасары Дамир Қатаев, облыстық полиция басқармасының басшысы Бауыржан Әленов сөз алып, жергілікті әкімдіктермен бірлесе атқарылып жатқан істерге тоқталды. Ал облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығы төрағасының орынбасары Зоя Магамадова бейбітшілік пен келісімді нығайту барысында облыс көлемінде жүзеге асып жатқан шаралар, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, өңірдегі саяси ахуал жайын сөз етіп, көпшілікті болашағы біртұтас ұлт қалыптастыру жолында аянбай еңбек етуге шақырды.

Қонаев қаласы

КӘСІБІ – НӘСІБІ

АҒАШТАН ТҮЙІН ТҮЙГЕН



Халқымыздың ұмыт бола бастаған атакәсібін қайта жандандырып, кейінгі ұрпаққа жеткізіп келе жатқан қолөнер шеберлері Талғар ауданында жетерлік. Солардың бірі – ағаштан түйін түйген Өмірбек Қуанышбекұлы.

Ол 2019 жылы «Бизнес бастау» жобасы арқылы 6 пайыз өсіммен 6 миллион теңге несиені алып, ағаштан астау, кесе жасау кәсібін қолға алады. Талғар қаласында өзінің жеке цехын

ашып, 5 жыл бойы дамылсыз жұмыс істеп келе жатқан кәсіпкер мемлекеттің қаржысын қайтарып та үлгерген.

Өмірбектің мамандығы – экономист. Осы салада өнімді еңбек еткен. Ал

колөнерге деген қызығушылығы бала кезден басталыпты. Зейнет жасына жақындағанда тәуекел етіп, осы кәсіппен айналыса бастайды. Ағаштан түйін түйетін шебер бұл жұмысты қолға алғалы бері өсімдік әлемін зерттеуге ден қойған.

«Ағаштар қылқан жапырақты, ине жапырақты болып екі түрге бөлінеді. Ине жапырақ ағаштардың шайыры көп және бос болып келеді. Сол себепті олардан үй жиындарын немесе ыдыс-аяқ жасауға болмайды. Ал қылқан жапырақты ағаштар – ыдыс жасауға таптырмас шикізат. Емен, тал, грек жаңғағының ағашы, қарағаш, қайың, теректерді көп пайдаланамын. Мейлі, қандай тұзу ағаш болса да оны кесіп, желіммен жабыстырып, құрастырған дұрыс. Сонда пішіні өзгермейді. Ыстық ас салынатын ыдысты сәндеу үшін қолданылатын бояудың түріне де қатты мән берген абзал. Ыдыстың жиегі мен сыртын ғана сырлаймын. Ал ортасын қатты қыздырылған құнбағыстың майымен күйдіріп жылтыратамыз.

Астауларға салынған өрнектердің де өзіндік мәні бар. Қошқар мүйіз – мал-жаның көп болсын, дәулетің тасысын дегенді білдірсе, енді бірі отбасының береке-бірлігімен ағайынның татулығын айшықтайды. Сондай-ақ отбасы мүшелері ортақ ыдыстан ас ішсе, береке-бірлігі артып, араларындағы тон жібіп, сыйластық орнайды. Байырғы қазақ даласында қарттар мен балалар үйінің болмауы ұлтымыздың сәлт-дәстүрі мен қалыптасқан тұрмыстық дағдыларына байланысты», – дейді Өмірбек Қуанышбекұлы.

(Соңы 2-бетте) ➡

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

«Altyn julduz»

алға басып келеді



Қарасай ауданына қарасты Іргелі ауылында орналасқан «Altyn julduz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тапсырыс бойынша арнайы киім тігумен айналысып келеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорынның өндіріс көлемі 3,5 млрд теңгеге жетті. Ол жайлы бізге «Altyn julduz» компаниялар бірлестігі құрылтайшыларының бірі Жанат Алтынғадысұлы мәлімдеді.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Осыдан 20 жыл бұрын жұмысын тігін өндірісінен бастаған кәсіпорын қарапайым күртемелер шығаруды жолға қойған. Ал 2006 жылы «Altyn julduz» компаниялар бірлестігі өмірге келіп, кәсіпорын тендерлерге қатысып, құрылыс материалдары мен арнайы жабдықтар, жиһаз бөлшектерін жеткізумен айналысып, ауыл шаруашылығы саласында да еңбек ете бастаған.

Аталған кәсіпорын жеке қорғану құралдарын (СИЗ) шығаратын отандық бес компанияның қатарына кіріп, тапсырыс берушінің талабы бойынша арнайы логотиптер тігуді қолға алады. Сонымен қатар мұнда сахна шымылдығын, төсек-орын жабдықтарын, үйге қажетті мата өнімдерін даярлайтын тігін ательелері де жұмыс істейді. Ал Еңбекшіқазақ ауданы аумағында асыл тұқымды

мал өсіретін шаруашылығы, Жамбыл ауданында жеміс өсіретін бау-бақшалары бар. Осылайша отандық өнімді арттыруға өз үлестерін қосуда.

Жаңа бизнесті бастау қашанда оңай болмаған. Тігін өндірісінің қырсырын меңгеру үшін Қытай мен Түркия елдеріндегі кәсіпорындар жұмысымен танысады. Содан кейін өндіріске керекті құрал-жабдықтар сатылып алынған. Алғашында фабрика Алматы қаласында орналасқан. Өндіріс өсе келе жер көлемін ұлғайту мәселесі туындап, 2016 жылы Қарасай ауданының Іргелі ауылына қоныс аударыпты. Күн өткен сайын жұмысын жандандыра отырып, еліміздегі іргелі кәсіпорынның біріне айналған. Өнімдері өздеріне тиесілі «GS» («Golden Star») бренді бойынша шығарылуда.

Жоғарыда айтқанымыздай, тігін фабрикасы негізінен арнайы сырт және аяқ киімдерін тігумен айналысады. Атап айтқанда, өнеркәсіп саласының, ауыл шаруашылығының,

қызмет көрсету жүйесінің, ішкі істер органдарының және денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған киімдер осы жерде тігіледі. Өз жұмыстарын сапалы әрі уақытылы орындайтын болғандықтан, тапсырыс көлемі күннен-күнге ұлғая түсуде.

Фабрикада қажетті маталар мен былғарылардан бастап, дайын өнімдердің сапасы мұқият тексеріледі. Кәсіпорынның өз оқу орталығы да бар. Мұнда мамандар мен өндірістік тәжірибеден өтуге келген студенттер сырт киім мен аяқ киім тігудің қырсырын жетік меңгереді.

«Altyn julduz» компаниялар бірлестігінің жетістіктерін мына цифрларға қарап та аңғаруға болады. Атап айтқанда, компанияда 4000 шаршы метр жерге өндірістік ғимарат орналасса, қоймалар көлемі 9000 шаршы метрді алып жатыр. Кәсіпорын бір жылда 300 мыңнан аса арнайы киім тігіп, тапсыруда. Мұнда бүгіндері 200 адам еңбек етіп, 260 мың теңге көлемінде айлық жалақы белгіленген. Қазақстанның 10 облысында компанияның филиалдары құрылып, жұмысын жалғастыруда. Ендеше, елімізде отандық өнім өндіруді жолға қойып, табыстарға қол жеткізіп келе жатқан кәсіпорын жұмысы алға баса берсін дегіміз келеді.

Қарасай ауданы

ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ

Зиянкестермен күрес

Қонаев қаласы төңірегіндегі тоғандарда су деңгейі көтерілуіне байланысты маса мен шіркей тым көбейіп кеткен. Бүгінде олардың санын азайту бағытында жұмыстар жүріп жатыр.

Қалада маса, құмытыға қарсы өңдеумен санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Қонаев қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі, «Жасыл қала Қонаев» мекемесі айналысуда.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы аумағы 70 га болатын 60 анофелогенді су қоймаларында дезинсекция жүргізеді. Сәуір айынан бастап осы уақытқа дейін оның 3 кезеңі өтті, ал қыркүйек айының соңына

дейін тағы 3 кезеңін өткізу жоспарлануда. Өңдеу үшін қолдануға рұқсат етілген және ҚР аумағында тіркелген инсектицидтік құралдар пайдаланылады. Бұл кезде мал, құс жаюға болмайды.

Ал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі жалпы аумағы 1 га болатын барлық жертелелерді дезинсекциялап шықты. Сондай-ақ «Жасыл қала Қонаев» мекемесі саябақ, су қоймасы аймағын, ашық жерде орналасқан қамыстардың арасын өңдеп жатыр. Бұл жұмыстар санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы тарапынан дезинсекциядан тірі қалған маса мен шіркейлердің санын азайту үшін жасалады.

Акерке ЖҰМАҒАЗЫҚЫЗЫ
Қонаев қаласы

АТАКӘСІП

Түлік басы түгенделді



Жамбыл ауданында төрт түлік төлмен толығып, мал саны өсті. Қыста күтімге алынған буаз малдар жаз шыға өріске төлімен бірге өрді.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Дүйсенәлі Еңкелешевтің айтуынша, 65 394

сиырдан 37 153 бас бұзау алынды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 109 пайызға артып, орта есеппен 100 аналыққа шаққанда 57 төлден айналды. Сиыр малы жыл аяғына дейін бұзаулайтынын ескерсек, бұл мәлімет

Жамбыл ауданы

АҒАШТАН
ТҮЙІН ТҮЙГЕН

◀ (Басы 1-бетте)

Кәсіпкердің айтуынша, бір астау станоктан бір жарым сағатта шығады. Алғашқы пішіні дайын болған ыдысты өңдеу үшін үш сағатқа жуық уақыт кетеді. Тапсырыс көбейген кезде қосымша жұмыс күші керек болады. Басында туыс-туғандар ғана алатын астаулар бүгінде еліміздің түкпір-түкпіріне жеткізіледі. Атакәсіпті үйретіп, ағаш шебері атануына ықпал еткен ұстазы Тоғайбай Нұрмұратұлы кейіпкерімізге кем дегенде үш шәкірт тәрбиелеуді міндеттеген. Себебі, асыл өнерді жаңғырту – ата жолын қуған әр азаматқа міндет.

«Ұстаздан шәкірт озыпты» дегендей, Өмірбек Қуанышбекұлы өзінен тәлім алған азаматтардың астау ғана емес, үй жиһаздарын, киіз үйдің қаңқасын жасап, қомақты табыс тауып отырғанын мақтана әңгімелейді. Отбасында бір қыз, екі ұл тәрбиелеген асқар тау әкенің қолғанаты – балалары. Әр істің қиындығы болады деген ол ағаш кесетін құрылғыны қолданарда өте мұқият болған жөн дейді.

«Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады» демекші, айына 150 астауға дейін сататын шебердің тәжірибесі де молайып, табысы да артқан. Қарапайым болып көрінетін ағаш ыдыстардың экологиялық таза, емдік, азық-түлікті сақтау, жоғары сапа, жақсы үйлесімділік сынды ерекше қасиеттері бар. Базарда жалт-жұлт еткен түрлі ыдыстардың бояуларынан қауіпті химиялық зат бөлінетіні жиі айтылып жүр. Қарттар түгілі, жастардың да дауасы жоқ ауруға душар болып жатуының бір себебі осы болар. Мұндай өнер тек табыс көзі ғана емес, тәрбиенің бастауы, денсаулық кепілі десек, артық болмас. Өмірбек ағаның бастаған ісіне сәттілік, қолына қуат берсін!

Зорагүл ӘБДІҚАДІР
Талғар ауданы

ҚҰРЫЛЫС

АУРУХАНА
БОЙ КӨТЕРУДЕ

Райымбек ауданында көптен күткен жаңа аурухана ғимараты салынуда. Халықтың қуанышында шек жоқ. Аудан тұрғындары аурухананың пайдалануға берілер күнін асыға күтуде.



Біз де халық игілігі үшін салынып жатқан жаңа аурухана ғимаратына аяқ басып, құрылыс барысымен танысып қайттық. Онда қызу жұмыс жүріп жатқаны бірден көзге түсті. Бұл туралы баяндаған бригадир Ерік Қаниев 2022 жылдың маусым айында басталған құрылыста бүгінде 40 адам жұмыс атқарып жатқанын айтты. Құрылысшылардың басым бөлігі – осы аудан тұрғындары. Өз игіліктеріне арналған ғимарат құрылысын мейлінше сапалы жүргізуге олар бар күш-жігерін салуда.

Аурухана сыйымдылығы 250 адамға есептелген. Жоба құны 4 млрд 105 млн теңгені құрайды. Құрылысқа жауапты – «Өмірзақ» ЖШС. Ғимарат тиісінше сапалы құрылыс материалдарымен салынуда. Қызыл кірпіштен бой көтерген ғимарат 4 қабатты, ішінде 3 жеделсаты жұмыс істейді. Заманауи үлгіде салынып жатқан ғимараттың ішіндегі сылақ жұмысы аяқталуда. Сонымен қатар, аурухана құрылысы әр кабинеттің ерекшеліктеріне орай жасалып жатқанына көз жеткіздік. Мәселен, рентген кабинеті сәулелердің сыртқа шықпауы мақсатында арнайы сыланған.

Бір айта кетерлігі, бүгінде ғимараттың құрылыс жұмысы едәуір кешеуілдеп жатыр. Оған себеп – құрылыс материалдарының қымбаттап, нәтижесінде жобаның қайтадан түзетуден өтуі. Бригадирдің айтуынша, құрылыста қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілген. Барлық санитарлық ереже мен талапқа сай. Бұл ретте құрылысшылардың өмір қауіпсіздігі бәрінен маңызды екенін ерекше айта кеткен жөн. Құрылыс нысаны «AMANAT» партиясының бақылауында.

Ғимарат маңында арнайы екі үлкен су қоймасының да құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл қосымша салынып жатқан су қоймалары қандай да бір апатты жағдайда аурухана ғимаратының суға мұқтаждығын шешетін болады. Бұған қоса, ғимарат маңынан көлік тұрағы да қарастырылған.

Ауруханада көптеген заманауи құрылғылардың болмауы салдарынан емделушілердің көпшілігі Алматы қаласына ағылып жататыны белгілі. Жаңа аурухана іске қосылғанда, заманауи аппараттар келеді деген үміттеміз. Жаңа ғимарат аудан тұрғындары мен мекеме қызметкерлеріне жайлы әрі заманауи қызмет ететініне сенеміз.

Акерке БИЖАН
Райымбек ауданы

Қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер, Қазақстанның халық әртісі Ахмет Жұбановтың мұрасы – баға жетпес рухани қазына. Шығармашылығы ұшан-теңіз ұлттық дәстүрмен өрнектелген. Атақты композитордың жүректен жарып шыққан әуені қазақ мәдениетінің байлығы мен сұлулығын суреттейді. Ол Құрманғазы, Дина және тағы басқа алыптар шоғыры салған сүреңнен үлгі-өнеге алып, өзінің Құдай берген талантын ары қарай дамытты. Қазақ музыкасын кәсіби деңгейге көтерді. Онер ордаларының ашылуына ықпал етті. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің негізін қалады. Сөйтіп, күй атасының есімін бүкіл әлемге танытты. Биыл ұлттық оркестрдің құрылғанына 90 жыл толып отыр.



КҮЙ АТАСЫН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН

Ахмет Жұбанов Қазақстанның әр өңірінен жинаған халықтық сарындар мен әуендерді өз шығармашылығында кеңінен пайдаланды. Ленинград консерваториясының студенті кезінде және Мемлекеттік өнер институтының аспирантурасында Еуропа музыкасына ден қойды. Музыка саласындағы ғалымдардың еңбектерін талдады. Сол арқылы ұлттық музыканы дамытуға күш салды. Оның ғылыми мұрасына 1000-нан астам ән мен күй жазбасы, көптеген монография, мақалалар мен очерктер енген.

1938 жылы Ахмет Жұбановтың композиторлық жолы басталды. Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қаһарманы Амангелді Иманов туралы түсірілген «Амангелді» фильміне, М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет» пьесасына, М.Әуезовтің «Абай» трилогиясына музыкалар жазды. Опера, симфония сынды жанрларды да игерді. Қажырлы еңбегінің арқасында көрнекті композитор болып, тарихта өшпес із қалдырды.

Композитор қазақтың халық аспаптар оркестрін құруды армандады. Сол жолда аянбай тер төкті. Небір кедергілерді бастан кешірді. Ғасырлар бойы халықтың рухани өмірінің өзегіндей болған домбыра

мен қобызға кейбір «жаңашыл белсенділер» үрке қарады. «Мұның өзі феодалдық заманның сарқыншағы, сондықтан күні өткен көне дүниенің көрінісі ретінде домбыра мен қобызды архив қоймасына, музейге өткізу керек, оны жаңа заманда жаңғыртып, сахнаға шығарудың ешқандай орны жоқ» деп қарсылық білдіргендер аз болмады. Бірақ ол алға қойған мақсатынан танбады. Нәтижесінде бәріне де қол жеткізді.

Ахмет Жұбановтың «Құрманғазы» монографиясы – талдаудағы көрегендігімен, автордың интеллектуалдық-эстетикалық көкжиегінің кендігімен ерекшеленетін бірегей туынды. Монографияда Құрманғазының ұлылығы мен талантына тәнті болуы ерекше байқалады.

Атақты композитор – қазақ музыкасын кәсіби бағытқа бұрып, ғылым, білім ордаларының, өнер ұйымдарының ашылуына тікелей мұрындық болған бірегей тұлға. Айтулы ғалымның ықпалымен 1933 жылы ақпанда Алматыда музыкалық-драмалық техникумы ашылды. Бұл республикада жас музыканттар мен актерлерді даярлаудағы маңызды қадам болды. Ахмет Жұбанов бүгінгі таңда әлемдік ареналарда ұлттық өнерімізді паш етіп жүрген Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің негізін қалап, өнер ұжымының алғашқы дирижері әрі көр-

кемдік жетекшісі болды. 1944 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны ұйымдастыруға белсене араласып, кейін ректор қызметін атқарды. Аталған білім ордасы кәсіби музыканттар мен актерлар даярлауда, республиканың музыка мәдениетін дамытуда басты рөл атқарды.

Бүгінгі ұрпақ композитор шығармаларынан шабыт алады. Өйткені Ахмет мұрасы – таусылмайтын қазына. Қазіргі таңда өнер зерттеушілері заманауи музыкалық технологиялар мен аспаптарды пайдалана отырып, әйгілі ғалымның классикалық шығармаларын қайта түсіндіруді, сондай-ақ оның мұрасынан шабыт алған жаңа композицияларды тәрбиелеуді қолға алуда. Композитор мұрасын сақтауға және насихаттауға бағытталған бастамаларды оның шығармашылығы мен өміріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру, идеялары мен философиясы негізінде білім беру бағдарламаларын жасау, мәдени мұра туралы ақпарат тарату арқылы жүзеге асыруға болады. Сол арқылы дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру, еліміздің мәдени байлығын сақтау мен ілгерілетуге жол ашамыз.

Рысқұл БҮЕШ,
Ахмет және Ғазиза Жұбановтардың мемориалды музейінің жетекшісі

Қиындықпен шыңдалған

Бердібек Соқпақбаев – өзі ғұмыр кешкен кезеңнің көлбетін қаз-қалпында суреттеген біртуар жазушы. Ашаршылық пен жетімдіктің зардабын тартқан қаламгер бұл жайында «Балалық шаққа саяхат» повесінде анық жеткізген.

Балаға тән еркелік пен шолжаңдық Бердібек атада болмаған. Анасы ұзақ уақыт наукастанып, көз алдында өмірден өтеді. Бұл шығармада сегіз жастағы бұғанасы қатпаған бала Бердібектің бір үзім нан үшін ауыр жұмысқа жегілгені, емшектегі інісі Тұрдыбектің тоқтаусыз жылағаны, жетімдіктің зардабын шеккен қиын күндері бейнеленген. «Дүниеде мен үшін одан асқан жексұрын сөз жоқ. Тақиясын қорыған тазшадай осы сөз қай жағымнан сарт ете қалады деп

– деп келтіреді. Оның алды-артындағылар «әкем менің» деп жазғанда үстіне бір түйір тозаң кондырмайтын. Әдеби кейіпкер болған соң, әжуалап жазғаны ма дейін десен, өмірбаянында да әкесінің есімі Ыдырыс екені тайға таңба басқандай көрсетіліп тұр. Ол аздай, келесі бір бетінде: «Әкемнің бойы, ортадан төмен, иықты. Өзі құсап селбіретіп қияқ мұрт қояды. Уайымсыз адам, күйіп-піскенді білмейді, жайбарақат. Мезгілсіз тозып, шаршамайды. Аш болса да, тоқ болса да екі беті қып-



зәрем ұшып, үрейленіп тұрамын. Балалар, менің қымбатты жан достарым! «Жетім» деген тажалдай суық сөзді айтпаңдар, айналайындар! Ұр, соқ, төбелес! Тіпті етінен ет кесіп ал, бірақ әлгідей деп тілдеме. Аяңдар!».

Жазушы өз естелігінде балалық шағының ауыр күндерін былай жеткізген еді: «Сегіз жасымда шешем өліп, жетім қалдым. Ұжымдастырудың алғашқы жылдары – ең бір қиын кез. Осы күннің өзінде жүрегім қарс айырыла жаздайды. Ыпыр-ау, қалай тірі қалдым? Осы күнге қалай жеттім? Нағыз итжандының өзі екенмін-ау деп таңданамын».

Қаламгердің кейіпкерлерін ешқашан көтермелеп, әсірелеп жазбағанын Жүсіпбек Қорғасбек «Өзгеше ойлы қаламгер» мақаласында былай баяндайды: «Жазушы жанына ең жақын адамның бейнесін: «Әкем Ыдырыс – кең өнеш, қомағай адам. Қасық оның қолына тиген кезде тостағандағы талқанның бір жамбасы үңірейіп қалады»,

қызыл. Тамақ таңдамайды, өңешінен өткеннің бәрін ішіп-жейді. Ауырмайды», – дейді. «Осы кісі өз әкесін жазып отыр ма?» деп, өмірбаянына ұрланып тағы қарайсың. Осыдан соң жаңа бір эзінде атүсті сыдыртып шыққан бір-екі эпизодты тауып алып, қайта шұқшиясың. Жазушы: «Шешем Әсбет тілді де отты адам еді. Тек ауру иектеп алған да, қор қылған. Әкемнің ынжықтығын бетіне басып, қайрап айтып отыратын. Бірақ әкем ағаш пышақ тәрізді, қанша қайраса да өтпейді», – деп қояды.

Бердібек Соқпақбаевтың сан соқпақтан өткен шығармалары бүгінгі күнге дейін оқырман қолында. Қазақ әдебиетінде есімі алтын әріппен жазылған жазушы тарихтың ұмытылмас тұлғасы ретінде жүректерде мәңгі сақталады.

Айтолқын ҮТЕМЕШ,
Нарынқол балалар кітапханасының қызметкері
Райымбек ауданы

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Барлық Төреханов пен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ракеш Байжұматов биылғы жартыжылдықта атқарылған жұмыстарды баяндады.

Бейбіт МЕКЕЕВ

Барлық Төрехановтың түсіндіруінше, департамент Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады. Ол 129 қызмет түрін көрсететін 97 табиғи монополия субъектілерінің жұмысын реттейді. Көрсететін қызмет түрлеріне газ, электр, жылу, сумен қамту және су бұру мен кірме жолдар кіреді. Оның ішінде қоғамдық маңызы бар 6 нарық субъектісі – «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «Балқашэнерго-1» ЖШС, «Алматыгазсервис Холдинг» АҚ, «Тәуекел-Н-Алғабас» ЖШС, «Тәуекел газ құбыры» ЖШС, «Жетісу газ құбыры» ЖШС, ал базалық 3 субъект бар – «Алматыгазсервис Холдинг» АҚ, «Қонаев су арнасы» МКК, «Жылу орталығы» МКК.

Биылғы 6 айда тариф пен тарифтік сметаны бекіту бойынша 181 өтінім келіп түскен. Оның 87-сінен бас тартыл-

БАҒА БАҚЫЛАУДА



са, 21-і кері қайтарылды, 48-і бекітіліп, 25-і бойынша жұмыс істеліп жатыр.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес субъект жыл сайын, уәкілетті органның ведомствосына бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті 1 мамырдан кешіктірмей ұсынады. Инвестициялық бағдарламаның және тарифтік сметаның орындалуына талдау жүргізу бойынша жұмыстар жалғасады. Субъектінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебін талдауды уәкілетті органның ведомствосы күнтізбелік 90 күннен аспайтын мерзімде жүргізеді. Талдау нәтижелерімен Табиғи монополияларды реттеу комитетінің сайтында және департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісінде танысуға болады.

Өткен жылы есептерге талдау жүргізу барысында 26 субъектіге 36 уақытша өтемдік тариф енгізілді, қайтару сомасы 252,56 млн теңгені құрады.

Департаменттің негізгі қызметіне табиғи монополиялар мен қоғамдық маңызы бар нарық субъектілеріне «Табиғи монополиялар туралы» Заңының және Кәсіпкерлік Кодексінің сақталуына тексеру жүргізу кіреді. Осындай тексерістердің нәтижесінде 17 әкімшілік іс қозғалып, 24 243 560 теңге көлемінде айыппұл салу жолымен, департамент тарапынан 8 589 480 теңге, сот арқылы 723 632 теңге өндірілді. Сонымен қатар биыл департамент құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдар, мәслихаттар, депутаттар, БАҚ өкілдерімен бірлесіп, бір брифинг, 6 қоғамдық қабылдау, 54 қоғамдық тыңдау, өңірлік комиссиямен 2 кеңес, БАҚ үшін 2 сұхбат өткізді. Реттелетін коммуналдық қызметтерді ұсынудағы проблемалық мәселелерді шешу үшін әлеуметтік желі арқылы табиғи монополия субъектілері өкілдерінің қатысуымен ай сайын тұтынушылар үшін 6 қоғамдық қабылдау өткізілді. Бұдан басқа, жеке және

занды тұлғалардың өтініштерін қарау жұмысы қатаң бақылауда. Департаментке жыл басынан бері 240 өтініш келіп түсті.

Өз кезегінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ракеш Байжұматов «Инвестицияларға айырбастау тарифі» турасында баяндама жасады. Оның мәлімдеуінше, департамент облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесе отырып, 2022-2026 жылдарға арналған «Қонаев су арнасы» МКК-на жалпы сомасы 1,3 млрд теңге инвестициялық бағдарлама бекітілген. Оның 430,0 млн теңгесі бюджет қаражаты, 870,7 млн теңгесі тарифтік түсім есебінен болса, бұл қаражатқа 42,6 км желіні жөндеу және желілердің тозуын 80-нен 67 пайызға дейін төмендету көзделген.

«Инвестицияларды тарифке айырбастау» бағдарламасы жұмысын бастағаннан кейін табиғи монополиялардың көрсететін қызметтері үшін тариф құнының өсуі байқалды. Бағдарламаны іске асыру үшін инвесторларды тарту белсенді жүргізілуде. Қазіргі уақытта Алматы облысының аумағында табиғи монополиялар саласында 117 реттеле-тін қызмет көрсететін 104 табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асырады.

Бірыңғай сатып алушы механизмін енгізгеннен кейін қазіргі уақытта тұтынылған электр энергиясына есеп айырысулар жүргізу үшін тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер келесіні құрайды.

1 топ: электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызметтер көрсетумен байланысты емес өзінің тұрмыстық мұқтажы үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар – 1 кВт/сағ үшін 21,62 теңге (2023 жылы 18,88 теңге – кВт/сағ);

2 топ: электр энергиясын тұрмыстық емес мұқтаждар үшін пайдаланатын тұтынушылар – 1 кВт/сағ үшін 26,44 теңге (2023 жылы 23,28 теңге – кВт/сағ);

3 топ: мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар – 1 кВт/сағ үшін 35,95 теңге (2023 жылы 30,50 теңге – кВт/сағ);

4 топ: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіретін тұтынушылар – 1 кВт/сағ үшін 24,76 теңге (2023 жылы 22,11 теңге – кВт/сағ).

Облыс аумағында электр беру желілерінің ұзындығы 22,1 мың шақырымды құрайды. Тарифтің өсуі осы желілердің тозу көрсеткішін төмендетуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама шеңберінде облыс аумағында қытайлық «ТВЕА» компаниясымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде 10 жаңа жоғары вольтты қосалқы станса салу жобасын іске асыру жоспарлануда. Инвестиция сомасы 100 млрд теңгеден астам. Аталған сома инвестицияларды қайтару тарифі есебінен көзделген.

ҚР Президентінің «Тарифтің инвестицияға айырбастау» бағдарламасын орындау мақсатында облыс әкімдігі инвесторлармен жұмысты жалғастыруда. Осылайша желілердің тозуын азайту үшін инвесторлар тартылып, салынған инвестицияларды тариф есебінен қайтару жұмысы жүргізілуде.

ӨМІР-ӨЗЕН

КӨРМЕ

ҰЛТ ШЕЖІРЕСІНЕ
ҮЛЕС ҚОСҚАН

Алланың пендесіне өлшеп берген ғұмырының таусылар шағы біреуге ерте, біреуге кеш келері анық. Қазақ халқы бұл дүниенің жалған, о дүниенің хақ екенін жақсы біледі. Солай бола тұра, өзіне жамандық жасаған жанды өкпеге қиғанымен, өлімге қимайтыны бар. Өлім тұрмақ, өкпеге де қимайтын жандар аз емес. Соның бірі Қонаев қаласына қарасты Шеңгелді ауылының жұртшылығы ерекше қастерлеп, қадірлейтін, еліне елеулі, халқына қалаулы азамат Жұмахан Қожамқұлов еді. Әрдайым игілікті істердің ұйытқысы болып, парасат-пайымымен жұртты сүйсіндіре білген Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қонаев қаласының Құрметті азаматы атанған жанның дүниеден озғанына да 40 күннің жүзі болыпты.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Жұмахан Нұрлыбайұлы 1962 жылы 5 сәуірде Шеңгелді ауылында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдағаннан кейін екі жыл кеңшарда жұмыс істеген. Талдықорған қаласындағы педагогикалық институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Кеңес армиясы қатарында Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келген соң Шеңгелді ауылындағы орта мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастап, осы білім ордасында 30 жыл бойы өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатады.

Ауылын мақтан тұтатын

Ойпырым-ай! Денеңді ток соққандай дір еткізетін, «Дүние – жалған» тіркесін еріксіз айтқызатын төтенше сәтке не дерсің?! Бұлай деуіме осыдан бір ай бұрын аурухана төсегінде көз жұмып бақилық болған шежіреші, қаламгер інім, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұмахан Қожамқұлдың қазасы себеп болып отыр.

Қолындағы қара қаламы тайпала шапқан жорға аттай ақ қағазға із тастап, өрнек салған сәтінде «Беу, Жетісу, жерім-ай!» деп жырлаған, ежелгі тарих пен ел шежіресінің білгірі атанған Жұмахан інім еді. Ол нақтылыққа жүгініп, архивтік дерек көздеріне сүйенді. Жетісудың тарихи тұлғалары – Қадырғали Жалайыр, Ескелді, Балпық, Бөлек, Райымбек, Наурызбай, Пышан мен Жөлменделердің ерлік істерін, ұлағатын бүгінгі ұрпаққа ұшқыр оймен, айшықты тілмен жеткізе білді. Шығармашылық қуатының арқасында артына қазыналы мұра қалдырды. «Ұлыстың ұлы Бөлегі», «Бабалар ізі

Жұмақан – ұстаздық пен жазушылықты қатар алып жүрген қаламгер. Студент кезінде Көксу аудандық «Еңбек туы», Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газеттерінде мақалалары жарияланған. Кейін мектепке жұмысқа орналасқаннан кейін де жазғандары түрлі деңгейдегі басылымдарда жарық көріп жүрді. «Жетісу» газетінің тұрақты авторының бірі болды. Белгілі жазушы Мұхтар Мағауин Жұмаханның төрт шығармасын жоғары бағалаған.

1999 жылы «Ескерткіш» атты тұңғыш кітабы баспадан шықты. Одан кейін «Аманат», «Қияда қалған жұлдыздар», «Ұлыстың ұлы Бөлегі», «Бабалар ізі жаңғырды», «Өрісі кең өнегелі өмір», «Бабалар еліне саяхат», «Тарихи Іле – шежірелі Шеңгелді», «Аманат», «Беу, Жетісу, жерім-ай!», «Мүйізді Өтегеннің мүйізді ұрпағы», «Шежіре. Жалайыр. Балғалы» деген шығармалары оқырманға жол тартты. Бұл оның он жылдан астам уақыт мұрағатта тапжылмай отырған ізденісінің жемісі болатын.

Қазақта адам бойындағы асыл қасиеттердің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуын тектілік дейді. Ұлағаттылықты бойына сіңірген Жұмаханның арғы аталары би болған. Өз атасы Қожамқұл би Кеңес өкіметінің кәмпескелеу науқаны кезінде мал-мүлкі тәркіленіп, Ресейге жер аударылған. Оның балалары да қуғын-сүргіннің құрбанына айналған. Ол кезде әкесі Нұрлыбай 13 жасар бала болған.

Текті әулеттің тұяғы Жұмақан ғибратты ғұмырында отбасының тірегі, халқының ұлы бола білді. Марқұмның Жолбарыс, Ескелді, Балпық билер мен Райымбек пен Өтегендей батырлар және тағы басқа тарихи тұлғалар жайлы жазған еңбектерін ұлт руханиятына қосқан үлесі десек, артық айтқандық болмас. Қадырғали Жалайыр туралы алғашқылардың бірі болып биік мінберлерден мәселе көтерген. 2001 жылы Қазақ Ғылым академиясында өткен ғылыми конференцияда Қыдырғали Жалайыр есімін өзі қызмет атқаратын мектепке беру туралы ұсыныс жасайды. Арада біршама уақыт өткенде оның ұсынысы ақыры өз нәтижесін беріп, Шеңгелді ауылындағы №6 орта мектеп Қадырғали Жалайырдың есімін еншілейді. Бастаған ісін соңына дейін жеткізген ол Қадырғали Жалайыр туралы «Қияда қалған жұлдыздар» атты кітап жазып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленеді. Шеңгелдінің мектебінде тарихи тұлғаның есімі берілуі мен сол мектептен мұражайдың ашылуына ықпал еткен азаматтың «Бөлек би» қорының құрылуына қосқан үлесі айтарлықтай. Бөлек бидің ескерткішінің орнатылуына орай «Ұлыстың ұлы Бөлегі» атты тарихи туындысы жарық көрген. Қордың алғашқы директоры да өзі болады. Оның осындай игі істеріне ауыл жұртшылығы дән риза болып, әрдайым қолдау көрсеткен.

Қаламгер қасиетті Мекке, Мәдинаға сапар шегіп келген. Сонымен қатар бірнеше елге іссапармен барып, тарихи тұлғалар жайлы дерек жинап, мол мағлұматқа қанығып қайтқан.

Өмірі өнегемен өрілген ұстаз, ұрпаққа ұлағатты өмір үлгісін қалдырған қарымды қаламгер 2018 жылы Астана қаласында өткен өлкетанушылар съезінде «Үздік өлкетанушы» төсбелгісін кеудесіне тағып, Мемлекет басшысының Алғыс хатын иеленген.

Өткен ғұмыры ұрпаққа үлгі-өнеге болатын асыл азаматтың алға қойған арман-мақсаты биік еді. Көп арманы өзімен бірге кетті. Алайда пенденің ойлағаны емес, Алланың дегені болды.

Шеңгелді аймағының біртуар перзентінің қазасы ағайын-туыстарымен қатар Алматы облысының әкімдігі, ҚР Жазушылар одағының облыстық филиалы және «Алатау арайы» газеті ұжымының да қабырғасын қайыстырды. Аталған ұжымдар белгілі қаламгердің отбасы мен туыстарына қайғыра көңіл айтады.

жаңғырды», «Беу, Жетісу, жерім-ай!» сынды тарихитанымдық кітаптары – соның дәлелі. Жазған, хаттаған бұдан басқа дүниелері де аз емес.

«Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» дегендей, Шеңгелді ауылын әркез мақтаныш тұтатын. Елдімекеннің түп тарихы тереңде жатқанын, өткен ғасырда әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов Ыстықкөлге сапарлаған кезде Шеңгелдіге арнайы тоқтағанын, бұл жерден көргендерін жолжазбасына арқау еткенін сүйіспеншілікпен айтып отыратын. Ендігі бір азаматтық қарекеті – өзі ұстаз болып еңбек еткен білім мекемесіне жылнамашы Қ.Жалайыр есімін алып беруге ұйытқы болғаны. Сол сияқты «Шақан шері» романы туралы келелі әңгіме қозғап, шығарманың авторы, көрнекті жазушы Мұхтар Мағауинді Алматыдан арнайы шақырып, оқушылармен кездесу өткізгені – кім-кімге де үлгі болатын өнегелі оқиғалар.

Жұмаханның жазғанынан жазары көп еді. Амал нешік?.. «Жазмыштан – озмыш жоқ». Алла алдынан жарылқасын! Иманы жолдас болсын бауырымыздың!

Қараша ҚАРАМАН,
ардагер-журналист, өлкетанушы

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының «Ілкі дәуірдегі көне Тараз» атты жылжымалы көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Тараз тарихынан сыр шертті

Көрме экспозициясына Тараз қалашығынан табылған, XI–XII ғасырларға тән құнды да бірегей жәдігерлер ұсынылды. Атап айтқанда, алтын көмбелер торсық, сынап көзелер, қола шырағандар, моншақтар, күміс, нефрит, қола белдік жапсырмалары, әр кезенге жататын монеталар келушілерге таныстырылды. Тарихқа көз жүгіртсек, сол кезеңдерде Тараз қаласында шыны өндірісі мен металл өңдеу ерекше қолға алынып, көркемдігі жоғары бұйымдар Ұлы Жібек жолы арқылы шығыс елдерге, Еуропаға кеңінен тараған. Көрмеде осынау көне жәдігерлерге кеңінен орын берілді.

Көрменің ашылу рәсіміне Алматыдан келген туристер, Есік қаласының қонақтары мен тұрғындары және Райымбек орта мектебінің ұстаздары мен оқушылары қатысты. «Есік» музей-қорығы басшылығы «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұжымы мен директорына киелі Тараз өңірінің тарихи-мәдени мұраларын паш еткен көрме ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді.

Әсел ЖАҚСЫЛЫҚБЕКҚЫЗЫ,
«Есік» музей-қорығының бас қор сақтаушысы
Еңбекшіқазақ ауданы



ДЕНСАУЛЫҚ

Қауіпті дерттен қорғана біл

АИТВ инфекциясының анадан балаға берілуіне байланысты алдын алу шараларын жүргізбеген жағдайда, баланың қауіпті вирусты жұқтыру қаупі 25-40%-ға жетеді. Ал егер әйел жүктілік кезінде және босанғаннан кейін антиретровирустық препараттарды қабылдап, жоспарлы кесір тілігін жасатып, ана сүтімен емізуден бас тартса, инфекцияның анадан балаға берілу қаупі едәуір төмендейді.

Қауіпті инфекция жұқтырған анадан туған нәрестенің қанында АИТВ антиденелері болады. Сондықтан да бала туылғаннан кейін жасалатын АИТВ антиденелерін талдау әдісі – ИФТ (иммуноферментті талдау) әрқашан оң нәтиже көрсетеді. Егер бала АИТВ жұқтырмаған жағдайда 12-18 ай ішінде антиденелер өзі-дігінен жоғалады. Осы уақыт аралығында АИТВ оң нәтиже көрсеткен әйелдерден туған балалар ЖИТС орталығында есепте тұрады. Балаға қорытынды диагноз қойылуы үшін келесі клиникалық-зертханалық талдаулар жасалуы тиіс: 12-18 айда АИТВ-ға антиденелерді зерттеу сынамаасынан (екі және одан көп рет); 18 айдан асқанда тағы бір рет АИТВ-ға антиденелерді зерттеу сынамаасынан, сонымен бірге АИТВ инфекциясымен байланысты ауруларды жоққа шығаратын немесе растайтын талдаулардан өтуі керек. Сынамалар мен талдаулар нәтижесі бойынша қорытынды диагноз қойылады.

Баладағы АИТВ инфекциясының нәтижелі зерттеу түрі ПТР (полимеразды тізбекті реакция) болып саналады. Зерттеудің бұл түрі антиденелерді емес, имунтапшылық вирусының өзін анықтауға көмектеседі және нәресте туылғаннан бірнеше апта өткеннен кейін де болжамды нәтиже алу мүмкіндігіне ие. 12 айға дейін 2 ПТР талдамасы жасалуы тиіс. Алайда ПТР нәтижесіне қарамастан, баланы 18 айға толмайынша есептен шығаруға болмайды. Егер 18 айдан кейін баланың қан талдауы оң нәтиже көрсетсе, онда бала инфицирленген деген сөз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша АИТВ жұқпасының анадан балаға емшек сүті арқылы берілу ықтималдығы 15-30%-ды құрайды. Оған себеп – ана сүтінің құрамында АИТВ вирусы бар лейкоциттердің көп мөлшерде болуы. Сонымен қатар емізу кезінде ананың омырауында қандай да бір патология (мастит, еміздіктің микрожарақаттары) болса, онда баланың ауыз қуысы арқылы инфицирленген қан түсуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде ауруды жұқтыру қаупін біршама жоғарылатады. Сондықтан да аурудың анадан балаға берілуін болдырмау үшін ана сүтімен емізуді толығымен тоқтатып, жасанды тамақтандыруды таңдаған жөн.

АИТВ жұқтырған анадан туылған нәресте ерекше күтімді талап етеді және сәбидің денсаулығы ата-анасының медициналық тексеруге және дәрігердің тағайындаған ем-шараларын қаншалықты мұқият орындауына байланысты болады. Мұндай балалар мекенжайы бойынша емхананың және ЖИТС орталығындағы балалар дәрігерінің бақылауында болуы қажет. Сондай-ақ стандартты зертханада жатырып, инфекцияларға тексерілуі тиіс. АИТВ статусына байланысты шектеулерді ескере отырып вакцинациядан өтіп, пневмонияның алдын алу қажет.

У. ҚҰРБАНОВА,
ШЖҚ «ЖИТС-тың алдын-алу және оған қарсы күрес жөніндегі Алматы облыстық орталығы» КМК дәрігер-эпидемиологы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Алматы облысы, Қонаев қаласында орналасқан арнайы мемлекеттік мекемелер үшін әкімшілік ғимараттарын салу. Антикор ғимараты» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша 27.06.2024 ж. бастап 5 жұмыс күніне дейін бірінші экологиялық порталда жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Инициатор: «Алматы облысының құрылыс басқармасы» ММ, БЖН 060140013977. Қоғамдық талқылау сайты: <https://ecoportal.kz/>. Барлық ақпарат үшін +7077924445; g.kezembayeve@gmail.com хабарласуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Государственное учреждение «Управление строительства Алматинской области» объявляет, что с 27.06.2024 г. в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по Разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство административных зданий под специальные государственные органы по адресу: Алматинская область, г.Конаев. Здание антикора». Инициатор: ГУ «Управление строительства Алматинской области», БИН 060140013977. Сайт публичного обсуждения: <https://ecoportal.kz/>. За информацией обращаться: +7077924445; g.kezembayeve@gmail.com.



Басылым 2022 жылғы 3 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС
Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПИАҰЛЫ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың
бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың
орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҮРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 272 42 04
Іле ауданы – Бағдат ШОЙБАСОВ	8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Кезекші редактор: Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 677

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде,

«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.